ТӘЖІРИБЕЛІК САБАҚТАРҒА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР

Пән атауы: Латын тілі

Пән коды: LT 1201

Білім беру бағдарламасы: 6B07201 «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы»

Оқу сағаттары/кредит көлемі : 90/3

Курс: I

Семестр: I

Тәжірибелік (семинарлық) сабақтар: 15

2024 ж.

Тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар «латын тілі» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасына (силлабус) сәйкес әзірленген және кафедра мәжілісінде талқыланды.

Хаттама № 13 «11» 06 2024 ж.

Кафедра меңгерушісі _____ п.ғ.к. Л.Б. Ибраева

№ 1 Тақырып

1. Тақырыбы: Кіріспе. Латын және көне грек тілдерінің медицина және әлем мәдениетіне қосқан үлесі. Фонетика. Латын әліпбиі. Әріптер мен тіркестердің айтылу ерекшеліктері.

2. Мақсаты: Латын тілінің жалпы мәдени мағынасын көрсету, фармацевтикалық терминология, латын алфавиті, әріптер мен әріптер тіркестері жөнінде түсінік беру.

3. Оқыту міндеттері: латын тілі тарихымен және оның фармацевтикалық терминология дамуындағы рөлімен, алфавитімен таныстыру, латын сөздердің дұрыс айтылуына дағдыландыру.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:
1. Кіріспе бөлігі. Латын тілінің даму тарихынан.
2.Фармацевтикалық терминология - медицина терминологиясының бір бөлігі.
3. Латын тілінің дыбыстары мен әріптері, олардың жазылуы мен оқылуы.
4. Дифтонгтар, диграфтар және әріп тірікестерінің оқылуы.

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары:
шағын топпен жұмыс жасау.
I топтың тапсырмасы:
1. Латын афоризмдерінің транскрипциясын жасап, оқыңыздар:
Non progredi est regredi. – Алға жүрмеген артқа жүреді.
Primum noli nocire – Ең бірінші зиян келтірмеу қажет (науқасқа).
2. Транскрипцияда берілген сөздерді латын әріптерімен жазыңыздар:
Оффицина, оксидум, кратэгус (дифтонг), эхинопанакс, гидрокодонум, квантум сатис, рацэмоза, экситус, купрум, аква.

II топтың тапсырмасы:
Латын афоризмдерінің транскрипциясын жасап, оқыңыздар:
Fortes fortuna juvat. – Батылға тағдыр да жәрдемдеседі.
Aliis inserviendo consumor. – Басқаларға қызмет ете, өзім өртенемін.
Транскрипцияда берілген сөздерді латын әріптерімен жазыңыздар:
Оксилидинум, рэум (грек сөзі), мэтацинум, сангвисорба, диместролюм, гипостэролюм фэнобарбиталюм, цинкум, цинхона, ликвор.

6.Пәннің соңғы ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған Бақылау

(сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.). нысандары (тестілеу, ситуациялық есептерді шешу, ауру тарихын толтыру және т.б.)ю.
- тестілеу

7. Әдебиет

Негізгі:

1. А.Н. Қасымбекова. Латын тілі. Қарағанды, «Ақнұр», 2019 - 284 б.
2.М.Н. Чернявский .Латинский язык и основы фармацевтической терминологии. М.: ГЭОТАР-Медиа, 2015.- 400 с.
3. Бухарина Т.Л., Новодранова В.Ф., Михина Т.В. Латинский язык: учеб. пособие-М.:ГЭОТАР – Медиа, 2015.-496 с.

Қосымша:

1.Қозыбаева А.Қ. Латын тілі: оқу-әдістемелік құрал. – Қарағанды: ЖК «Ақ Нұр», 2012
2. М.А.Ахметов. Медициналық терминдер сөздігі. Орысша- қазақша-ағылшынша. Алматы: Дайк- Пресс, 2009

8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.).: сұрақ-жауап, тестілеу
- сұрақтар:

Латын тілі қай жердің тілі болған?
Латын тілінде еңбектерін жазып, қалдырған ойшылдар, дәрігерлер кімдер?
Фармацевтикалық терминология дегеніміз не?
Латын тілінің жалпы мәдени мағынасы неде?

- тестілеу

1.Латын алфавитіндегі әріп саны
A. 20
B. 30
C. 25
D. 28
E. 24
2. Латын тіліндегі дауыстылар саны
A. 7
B. 6
C.4
D.9
E.5
3. «Уу» әріпінің оқылуы
A. [и]
B. [у]

C. [ю]
D. [оу]
E. [ау]
4. «Cc» әріпінің сөз соңындағы оқылуы
A. i, e, y, ae, oe алдында
B. диграфтар арасында
C. дауыссыз алдында
D. жуан дыбыс алдында
E. ұяң дыбыс алдында
5. «Ss» әріпінің дауыстылар арасында оқылуы
A. [кс]
B. [ц]
C. [к]
D. [з]
E. [с]
6. «Уу» әріпі қолданылатын сөздер қай тілден шыққан
A. латын
B. араб
C. грек
D. неміс
E. үндіеуропа
7. «Cc» әріпінің сөз соңындағы оқылуы
A. [с]
B. [ц]
C. [к]
D. [з]
E. [кс]
8. «charta» сөзінің оқылуы
A.[карта]
B. [кортаJ
C. [хорто]
D. [сарта]
E. [харта]
9. «ph» тіркесінің оқылуы
A. [п]
B. [ф]
C. [в]
D. [р]
E. [эй]
10. «ae» тіркесінің оқылуы
A. [э]

B. [е]
C. [а]
D. [ай]
E. [эй]

№ 2 Тақырып


1. Тақырыбы: Буындардың созыңқылығы мен ықшамдылығы. Екпін.

2. Мақсаты: Латын екпінінің ережелерімен таныстыру.

3. Оқыту міндеттері: латын сөздерін дұрыс оқуды, олардағы екпінді дұрыс қоюды үйрету.

4.Тақырыптың негізгі сұрақтары:
1 Екпінді дұрыс қойып оқу
2. Бөлінген дауыстылардың ұзақтығын немесе қысқалығын анықтау
3. Екпін ережелері
4. Екпін белгілері

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары:
шағын топпен жұмыс
I топ тапсырмасы:
«S» анаграммасы



стрихнии
строфантин

стрептоцид
сульфадимезин
синэстрол
сарколизин

II топ тапсырмасы.
Сөздікке қарап, сөздердегі екпінді қою:

Scatula, Aspergillus, saccharum. Rosa cinnamomea, Brassica, Sinapis nigra, capsulae amylaceae, Amygdalus, amylum. Viburnum opulus. Capsicum, acctum, oculus**,** Terebinthina, Gossypium.

6.Пәннің соңғы ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.). нысандары (тестілеу, ситуациялық есептерді шешу, ауру тарихын толтыру және т.б.)ю.
- тестілеу

7. Әдебиет

Негізгі:

1. А.Н. Қасымбекова. Латын тілі. Қарағанды, «Ақнұр», 2019 - 284 б.
2.М.Н. Чернявский .Латинский язык и основы фармацевтической терминологии. М.: ГЭОТАР-Медиа, 2015.- 400 с.
3. Бухарина Т.Л., Новодранова В.Ф., Михина Т.В. Латинский язык: учеб. пособие-М.:ГЭОТАР – Медиа, 2015.-496 с.

Қосымша:

1.Қозыбаева А.Қ. Латын тілі: оқу-әдістемелік құрал. – Қарағанды: ЖК «Ақ Нұр», 2012
2**.** М.А.Ахметов. Медициналық терминдер сөздігі. Орысша- қазақша-ағылшынша. Алматы: Дайк- Пресс, 2009

8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.).:
- тестілеу

1. Екпін ешкашан түспейтін буын
A. бірінші
B. екінші
C. соңғы
D. соңынан екінші
E. соңынан үшінші
2. Екі буынды сездерде екпін ... койылады
A. бірінші буынға
B. соңғы буынға
C. дауыстыға

D. байланыстыратынға
E. дауыссызға
3. Буын ұзақ, егер, онда ... болса
A. екі дауыссыз
B. кос дауысты
C. дауыссыз
D. жіңішке дыбыс
E. жуан дыбыс
4. «Ampulla» сөзінде екпін дауысты «u» -ға түседі, өйткенті ол
A. 1 алдында
B. соңындағы екінші буында
C. жұрнақ құрамында
D. екі дауыссыз алдында
E. сөз түбірінде
5. «Tinctura» сөзінде екпін «u» дауыстыға түседі, себебі ол
A. жалғауда
B. негізде
C. t- дан кейін
D. r-дың алдында
E. жұрнак құрамында
6. Екпінді дұрыс қою үшін ... ұзақтығын білу керек
A. сонындағы екінші буынның
B. сөз басындағы екінші буынның
C. үшінші және екінші буынның
D. кез келген буынның
E. бірінші ОҮЫННЫН
7. Дауысты ұзак ... аллынла
A. c,s
B. x,z
C b,d
D. y, i
E. ph
8. –in- жұрнағы... жалғауы бар сөздерде ұзақ
A -um
B. -er
C. -os
D. -es
E. -ium
9. Әрқашан қысқа болып келетін жұрнақтар
A -ur-, -in-
B. –for-, -ide-

C. –ul-, -ol-
D. –gen-, -ide-
E. –itis, -oma
10. ˇ белгісінің мағынасы
A ұзақ
B. жіңішке
C. екпін
D. қысқа
E. қатаң

№ 3 Тақырып

1. Тақырыбы: Морфология. Зат есім. Сөздік формасы. Қиыспаған анықтауыш.

2. Мақсаты: зат есімнің грамматикалық категорияларымен, сөздік формасымен, бес септеу белгілерімен таныстыру.

3. Оқыту міндеттері: бес септеуді ажыратуды, бірінші септеу зат есімдерінің септелуін үйрету.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:
1. Зат есімнің грамматикалық категориялары (тегі, сан түрі, септігі).
2. Зат есімнің тегінің анықталуы.
3. Септеу түрлері.

5.Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары:
жұптасып жұмыс істеу.

1,2 жұп тапсырмасы:
Зат есімдердің септеуін анықтаңыздар, жауапты негіздеңіздер: globubus, I m; gemma, ae f; usus, us m; salus, utis f; rhizoma, atis n; ribes is n; res, rei f; infusum, I n; radix, icis f; fructus, us m.

3,4 – жұп тапсырмасы:
Зат есімдердің тектерін анықтаңыздар, жауапты негіздеңіздер:
Gutta, ae …; medicamentum, I …; fructus, us …;
Sirupus, I …; herba, ae …; tabuletta, ae …;
Folium,I …; globubus, I …; bacillus, I …; magiseter, tri …

5,6- жұп тапсырмасы:
Латын тіліне аударыңыздар:
Суды залалсыздырыңыздар. Пилюляларды дайында. Микстураны жақсы

шайқа. Суды суыт. Тұндырмаларды араластырыңыздар.

6.Пәннің соңғы ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.). нысандары (тестілеу, ситуациялық есептерді шешу, ауру тарихын толтыру және т.б.)ю.
- тестілеу

7. Әдебиет

Негізгі:

1. А.Н. Қасымбекова. Латын тілі. Қарағанды, «Ақнұр», 2019 - 284 б.
2.М.Н. Чернявский .Латинский язык и основы фармацевтической терминологии. М.: ГЭОТАР-Медиа, 2015.- 400 с.
3. Бухарина Т.Л., Новодранова В.Ф., Михина Т.В. Латинский язык: учеб. пособие-М.:ГЭОТАР – Медиа, 2015.-496 с.

Қосымша:

1.Қозыбаева А.Қ. Латын тілі: оқу-әдістемелік құрал. – Қарағанды: ЖК «Ақ Нұр», 2012
2. М.А.Ахметов. Медициналық терминдер сөздігі. Орысша- қазақша-ағылшынша. Алматы: Дайк- Пресс, 2009

8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.).: тестілеу

Латын тіліндегі зат есім
A. Nomen substantivum
B. Nomen adjectivum
C. Declinatio prima
D. Modus infinitivus
E. Declinatio secunda

2. Зат есімнің септеу саны
A. 4
B. 3
C. 5
D. 2
E. 6

3. Септеуді анықтайтын септік
A. Ablativus
B. Genetivus
C. Accussativus
D. Dativus
E. Nominativus

4. «Бадам» зат есімі Gen. Sing. түрінде
A. Amygdala
B. Amygdalam

C. Amygdalarum
D. Amygdalas
E. Amygdalae
5. Infundite aqu … Amygdalarum
A. -ae
B. - am
C. -arum
D. -as
E. -is
6. Бірінші септеу белгісі
A. -i
B. -us
C. -is
D. -ae
E. -ei
7. «Меруертгүл» латынша
A. Ephedra, ae f
B. Mentha, ae f
C. Convallaria, ae f
D. Betula, ae f
E. Chamomilla, ae f
8. «Жалбыз суын жаз» латын тілінде
A. Praescribe aquam Menthae
B. lnfunde aquam Menthae
C. Recipe aquae Menthae
D. Solve in aqua Menthae
E. Contine in aqua Menthae
9. «Қазтабан» латын тілінде
A. Salvia, ae f
B. Calendula, ae f
C. Bistorta, ae f
D. Tormentilla, ae f
E. Urtica, ae f
10. Бірінші септеудегі Abl. Sing, жалғауы
A. -as
B. -is
C. -a
D. -os
E. - us

№ 4 Тақырып

1. Тақырыбы: Бақылау жұмысы. Сын есім. Сын есімнің екі тобы. Қиысқан анықтауыш.

2. Мақсаты: сын есімнің грамматикалық категорияларымен, сөздік формасымен, септеулерімен, I, II топ белігілерімен таныстырып, сын есімдердің зат есімдермен грамматикалық киысу байланысын түсіндіру.

3. Оқыту міндеттері: терминдердегі және рецентердегі сын есімдердің зат есімдерімен қиыстыруын үйрету.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:
1. Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.). жұмысын орындау.
2. Сын есімнің грамматикалық категориялары, екі тобы.
3. I, II топ сын есімдердің сөздік формасы, септеулері.
4. Сын есімдердің зат есімдермен қиысуы, қиысу тәртібі.
5. Сын есімдердің лексикалық минимумы

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары: TBL

TBL - командалар құру арқылы мәселені шешіту бойынша оқыту әдісі. Командалар алдында қойылатын мәселе – сын есімнің грамматикалық категорияларын, екі топқа бөлінуін, сөздік формасын анықтау, септеу ерекшеліктерін игеру, олар арқылы зат есіммен бірге термин тіркестерін құрастыру.

I командаңың тапсырмасы:
1. Сын есімнің латын тіліндегі аталуын беріп, келесі сын есімдердің сөздік формасын жазыңыздар:
Ақ, сары, қара, сулы, сусыз, спиртты, крахмалды, эфирлі, таза.
2. Терминдерді аударыңыздар, қиысу байланысын негіздеңіздер:
Таза мочевина, ақ және сары балауыз; шәйқұрайдың майлы экстракты; эфирлы тұнба, сұйық пластерлер, сұр жақпамай.

II командаңың тапсырмасы:
Сын есімнің сөздік формасын аяқтаңыздар, оқып аударыңыздар:
Cinereus, coeruleus, gelatinosus, rotundus, medicatus, stomachicus
Сын есімдерді зат есімдерден зат есімдермен қиысу байланысына

келтіріңіздер:
ақ (Strepocidum, i n); крахмалды (decoctum, i n); қабықталған (көпше түрі) (tabuletta,ae f); ащы (tinctura,ae f); көк (methylenum, i n)

6.Пәннің соңғы ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.). нысандары (тестілеу, ситуациялық есептерді шешу, ауру тарихын толтыру және т.б.)ю.

- тестілеу

7. Әдебиет

Негізгі:

1. А.Н. Қасымбекова. Латын тілі. Қарағанды, «Ақнұр», 2019 - 284 б.
2.М.Н. Чернявский .Латинский язык и основы фармацевтической терминологии. М.: ГЭОТАР-Медиа, 2015.- 400 с.
3. Бухарина Т.Л., Новодранова В.Ф., Михина Т.В. Латинский язык: учеб. пособие-М.:ГЭОТАР – Медиа, 2015.-496 с.

Қосымша:

1.Қозыбаева А.Қ. Латын тілі: оқу-әдістемелік құрал. – Қарағанды: ЖК «Ақ Нұр», 2012
2. М.А.Ахметов. Медициналық терминдер сөздігі. Орысша- қазақша-ағылшынша. Алматы: Дайк- Пресс, 2009

8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.).:тестілеу

Сын есім латынша
A. Modus infinitivus
B. Nomen substantivum
C. Nomen adjectivum
D. Perfectum activum
E. Declinatio prima
2. Сын есімдер тобының саны
A.3
B.2
C.4
D.6
E.5
3. I топ сын есімдердің септеулері
A. II, III
B. I, II
C. IV, V
D. I, III
E. II, V

4. I топ сын есімнің әйел тегіндегі жалғауы
A. -a
B. -um
C. -us
D. -es
E. -i
5. I топ сын есімнің орта тегіндегі Nom. Sing. жалғауы
A. -ae
B. -is
C. -um
D. -u
E. -i
6. I топ сын есімнің еркек тегіндегі Acc. Sing, жалғауы
A. -um
B. -am
C. -em
D. -uum
E. -ium
7. Сын есім зат есіммен ... қиысады
A. жақта, түрінде
B. текте, сан түрінде, септікте
C. етісте, шақта
D. райда
E. сан түрінде, шақта
8. Бірінші топ сын есімдердің жалғау саны
A. 2
B. 4
C. 3
D. 5
E. 6
9. «Көк» латын тілінде
A. ruber, bra, brum
B. oleosus, a, um
C. amylaceus, a, um
D. coeruleus, a, um
E. albus, a, um
10. «Таза» латын тілінде
A. vivus, a, um
B. purus, a, um
C. albus, a, um
D. sanus, a, um

E. flavus, a, um

№ 5 Тақырып

1. Тақырыбы: Сын есімнің шырайлары.

2. Мақсаты: сын есім шырайлары туралы мәліметтерді игеру; негізгі грамматикалық материал мен курс лексикасын қайталау.

3. Оқыту міндеттері: латын тіліндегі сын есім шырайларымен таныстыру; грамматикалық және лексикалық материалды қайталату.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:
1. Салыстырмалы шырайдың жасалуы
2. Күшейтпелі шырайдың жасалуы
3. Сөздік формалары
4. Септеулері
5. Әртүрлі түбірден жасалған салыстырмалы шырай және оның терминологияда қолданылуының ерекшелігі

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары: жұптасып жұмыс істеу.
1,2 жұп тапсырмасы.
Сын есімнің латын тіліндегі аталуын беріп, келесі сын есімдерден салыстырмалы шырай жасаңыздар:
Ақ, сары, қара, сулы, сусыз, спиртты, крахмалды, эфирлі, таза.
З***,4 жұп тапсырмасы.***
Терминдерді аударыңыздар, қиысу байланысын негіздеңіздер:
Таза мачевина, ақ және сары балауыз;шәйқұрайдың майлы экстракты; эфирлы тұнба, сұйық пластерлер, сұр жақпамай.

4,5 жұп тапсырмасы.
Сын есімнің сөздік формасын аяқтап, күшейтпелі шырай жасаңыздар:
Cinereus, coeruleus, gelatinosus, rotundus, medicatus, stomachicus

6,7 жұп тапсырмасы.
Сын есімдердің септеулерін анықтаңыздар:
Polygonum minus, infusum herbae Plantaginis majoris, dosis maxima, pulveres grossissimi, Ammi majus, pars hypophysis posterior.

6.Пәннің соңғы ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған Бақылау

(сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.). нысандары (тестілеу, ситуациялық есептерді шешу, ауру тарихын толтыру және т.б.)ю.
- тестілеу

7. Әдебиет

Негізгі:

1. А.Н. Қасымбекова. Латын тілі. Қарағанды, «Ақнұр», 2019 - 284 б.
2.М.Н. Чернявский .Латинский язык и основы фармацевтической терминологии. М.: ГЭОТАР-Медиа, 2015.- 400 с.
3. Бухарина Т.Л., Новодранова В.Ф., Михина Т.В. Латинский язык: учеб. пособие-М.:ГЭОТАР – Медиа, 2015.-496 с.

Қосымша:

1.Қозыбаева А.Қ. Латын тілі: оқу-әдістемелік құрал. – Қарағанды: ЖК «Ақ Нұр», 2012
2. М.А.Ахметов. Медициналық терминдер сөздігі. Орысша- қазақша-ағылшынша. Алматы: Дайк- Пресс, 2009

8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.).:тестілеу

1. Plantago ma ...
A. -ioris
B. -ior
C. -ius
D. -issima
E. -lima
2. Салыстырмалы шырайдағы «жақсы»
A. major, jus
B. maximus, a. um
C. melior, ius
D. minor, us
E. minimus, a, um
3. «Жаңа» (свежий) салыстырмалы шырайда
A. simplicior, ius
B. albior. ius
C. dulcior, ius
D. anterior, ius
E. recentior, ius
4. Cucurbita maxim ...
A. -a
B. -is
C. -es
D. -ior
E. –ius

5. «Ең таза» латынша
A. albissimus, a, um
B. maximus, a, um
C. purissimus, a. um
D. parvus, a, uni
E. magnus. a, um
6. Үш жапырақты субеде
A. Digitalis grandiflora
B. Leonurus quinquelobatus
C. Viola tricolor
D. Menyanthes trifoliata
E. Antitoxinum bivalens
7. «Cito» аудармасы
A. бірдей, бір мөлшерде
B. тез
C. майда
D. дереу
E. нақты
8. «Statim» мағынасы
A. тез
B. майда
C. нақты
D. жәй
E. дереу
9. «Бірдей, бір мөлшерде» аудармасы
A. ana
B. exacte
C. cito
D. statim
E. longe
10. «Pro me» мағынасы
A. дәрігер науқасқа жүгінеді
B. дәрігер рецепті науқас үшін жазады
C. дәрігер рецепті өзі үшін жазады
D. дәрігер «абайла» нұсқасын береді
E. дәргер тез жіберуді өтінеді

№ 6 Тақырып

1. Тақырыбы: Етістік. Есімше. Бұйрық және шартты райлар. «Fieri» етістігі.

2. Мақсаты: латын етістігімен және оның грамматикалық категорияларымен, бұйрық раймен таныстыру.

3. Оқыту міндеттері: етістіктің жіктеулерін ажыратуды, бұйрық рай жекеше және көпше түрлерінің жасалуын үйрету.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:
1. Етістіктің грамматикалық категориялары
2. 4 жіктеу және негіздері
3. Инфинитив - тұйық райы
4. Бұйрық рай
5. Етістіктердің лексикалық минимумы
6. Есімше. Үстеу және есімдік.

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары: шағын топпен жұмыс
I топтың тапсырмасы:
1.Етістіктің жіктеуін анықтап, императив жекеше түрін жасаңыздар: salvēre, infundĕre, laborāre, audire, conspergĕre.
2. Дауыстап оқып, аударыңыздар:
Recipe. Misce. Da. Signa. Concide, contunde et tere. Bene labora. Repete bis.
Латын тіліне аударыңыздар:
Абайлап сақта. Мұқият тыңда. Тез дайында және бөл. Жақ және ысқыла (infricare).
II топтың тапсырмасы:
Етістіктің жіктеуін анықтап, императив көпше түрін жасаңыздар: valēre, addĕre, linire, agitare, repetĕre.
Латын тіліне аударыңыздар:
қабылдаңдар, ерітіңдер, пісіріңдер, қосыңдар, аяқтаңдар, себіңдер, майдаландар, өмір сүріңдер, тыңдаңдар.
Қай латын етістіктерінен келесі сөздердің шыққандығын анықтаңыздар: препарат, лаборатория, аудитория, лекция, лектор, репетитор, фильтр, финал, линимент, экстрагент

6.Пәннің соңғы ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.). нысандары (тестілеу, ситуациялық есептерді шешу, ауру тарихын толтыру және т.б.)ю.
- тестілеу
7. Әдебиет
Негізгі:

1. А.Н. Қасымбекова. Латын тілі. Қарағанды, «Ақнұр», 2019 - 284 б.
2.М.Н. Чернявский .Латинский язык и основы фармацевтической терминологии. М.: ГЭОТАР-Медиа, 2015.- 400 с.
3. Бухарина Т.Л., Новодранова В.Ф., Михина Т.В. Латинский язык: учеб. пособие-М.:ГЭОТАР – Медиа, 2015.-496 с.

Қосымша:

1.Қозыбаева А.Қ. Латын тілі: оқу-әдістемелік құрал. – Қарағанды: ЖК «Ақ Нұр», 2012
2. М.А.Ахметов. Медициналық терминдер сөздігі. Орысша- қазақша-ағылшынша. Алматы: Дайк- Пресс, 2009

8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.).:

- тестілеу

Етістіктің жіктеу саны
A. 2
B. 5
C. 3
D. 4
E. 6

2. Екінші жіктеудегі етістіктің императиві
A. signa
B. lini
C. salve
D. repete
E. dilue

3. «Белгіле» етістігінің аудармасы
A. solve
B. contine
C. da
D. misce
E. signa

4. «Қосу» (бір нәрсеге) етістігінің аудармасы
A. contundere
B. refrigerare
C. sumere
D. addere
E. adhibere

5. Бірінші жіктеудегі етістік негізінің соңы
A. -u-
B. -i-
C. -a-

D. -e-
E. дауыссыз
6. Бірінші жіктеудегі етістік
A. solvere
B. signare
C. audire
D. diluere
E. valere
7. «Дайындаңдар» етістігінің аудармасы
A. praeparate
B. miscete
C. date
D. signate
E. addite
8. «Қолдану» етістігінің аудармасы
A. extrahere
B. adhibere
C. coquere
D. vivere
E. valere
9. «Жақ» етістігі латынша
A. tere
B. vive
C. da
D. lini
E. fini
10. «Аударыңдар» (арғы бетіне) латынша
A. macerate
B. miscete
C. formate
D. vivite
E. vertite

№ 7 Тақырып

1. Тақырыбы: Сан есім. Предлогтар мен жалғаулықтар.

2. Мақсаты: Рецептурада кездесетін сан есімдерді, предлогтар мен жалғаулықтарды дұрыс қолдануды үйрету.

3. Оқыту міндеттері: Жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында

грамматикалық сауаттылыққа үйрету. Латын терминдерінің қысқаша аудармаларын игерту.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. 1-10 есептік және реттік сан есімдері
2. Предлогы бар жиі қолданылатын фармацевтикалық сөйлемшелер
3. **et, seu, aut** сабақтас және саласас жалғаулықтары
4. Терминдерде префикс ретінде қолданылатын латын және грек сан есімдері
5. Рецептуралық тұжырымдамалардағы **ut** сабақтас жалғаулығы

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары: жұптасып жұмыс істеу

1,2 жұп тапсырмасы:

Етістіктің жіктеуін анықтап, императив жекеше түрін жасаңыздар:
salvēre, infundĕre, laborāre, audire, conspergĕre.

3,4 жұп тапсырмасы:

Дауыстап оқып, аударыңыздар:
Recipe. Misce. Da. Signa. Concide, contunde et tere. Bene labora. Repete bis.

5,6 жұп тапсырмасы:

Латын тіліне аударыңыздар:
Абайлап сақта. Мұқият тыңда. Тез дайында және бөл. Жақ және ысқыла (infricare).
Етістіктің жіктеуін анықтап, императив көпше түрін жасаңыздар: valēre, addĕre, linire, agitare, repetĕre.

7,8 жұп тапсырмасы:

Латын тіліне аударыңыздар:

қабылдаңдар, ерітіңдер, пісіріңдер, қосыңдар, аяқтаңдар, себіңдер, майдаландар, өмір сүріңдер, тыңдаңдар.

6.Пәннің соңғы ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.). нысандары (тестілеу, ситуациялық есептерді шешу, ауру тарихын толтыру және т.б.)ю.

- тестілеу

7. Әдебиет

Негізгі:

1. А.Н. Қасымбекова. Латын тілі. Қарағанды, «Ақнұр», 2019 - 284 б.
2.М.Н. Чернявский .Латинский язык и основы фармацевтической терминологии. М.: ГЭОТАР-Медиа, 2015.- 400 с.
3. Бухарина Т.Л., Новодранова В.Ф., Михина Т.В. Латинский язык: учеб. пособие-М.:ГЭОТАР – Медиа, 2015.-496 с.

Қосымша:

1.Қозыбаева А.Қ. Латын тілі: оқу-әдістемелік құрал. – Қарағанды: ЖК «Ақ Нұр», 2012
2. М.А.Ахметов. Медициналық терминдер сөздігі. Орысша- қазақша-ағылшынша. Алматы: Дайк- Пресс, 2009

8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.).:

- тестілеу

1. «Араластыр, сұйық жақпамай түзілсін» тіркесінің аудармасы:
Misce, fiat pasta
Misce, fiat unguentum
Misce, fiat linimentum
Misce, fiant globuli
Misce, fiat pulvis

2.«Капсулалар ішінде» тіркесінің аудармасы:
in tabulettis
in chartis
in oblatis
in vitro nigro
in capsulis

3. Дәрілік заттар атауларының олардың мөлшерлерінен тәуелділігі ... септігінде көрсетіледі
Nom.
Gen.
Acc.
Abl.
Dat.

4. «Экстракт» термині рецепт жолында:
Extractum
Extracti
Extractorum
Extractis
Extracto

5.«Тетрациклин жақпамайының 20 грамын ал» тіркестің аудармасы:
Recipe: Unguenta Tetracyclino 20,0
Recipe: Linimenta Tetracyclini 20,0
Recipe: Unguenti Tetracyclini 20,0
Recipe: Linimentorum Tetracyclini 20,0
Recipe: Linimenti Tetracyclini 20,0

6. Таблеткалар мен суппозиториялар қысқартылған тәсілмен жазылғанда дәрілік форманың атауы ... түріне қойылады.

Nom.Pl..
Abl. Sing..
Acc.Pl..
Dat. Pl..
Abl.Pl..

7. Da in vitro nigro- ...
A.Сары склянкада босат.
B. Ақшыл склянкада босат.
C.Ақ қағазда босат.
D.Кез келген склянкада босат.
E. Қара склянкада босат.

8. Таблеткалар мен суппозиториялар қысқартылған тәсілмен жазылғанда дәрілік форманың атауы ... түріне қойылады.
Nom.Pl..
Abl. Sing..
Acc.Pl..
Dat. Pl..
Abl.Pl..

10. «15 тамызғы» терминнің аудармасы:
guttae XV
guttas XV
guttis XV
guttarum XV
вgutta XV

№ 8 Тақырып

1. Тақырыбы: Дәрілік қалыптарының атаулары.
2. Мақсаты: дәрілік қалыптарының атауларымен, олардың түрлерімен танысу.
3. Оқыту міндеттері: дәрілік қалыптардың латын атауларының дұрыс жазылуын, оқылуын, олардың қазақ тілінен латын тіліне және кері аударуды, термин тіркестеріндегі қолдынылуын үйрену.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:
1. Дәрілік қалыптың анықтамасы.
2. Дәрілік қалыптардың түрлері, олардың латын атаулары.
3.Дәрілік қалыптардың латын атауларының термин тіркестеріндегі қолдынылуы.

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі

формалары/әдістері/технологиялары: шағын топпен жұмыс.

I топтың тапсырмасы:

1.Дәрілік қалыптың анықтамасын беріңіздер.

2.Сөздік формасында оқып беріғіздер:

1.Solutĭo, ōnis f ерітінді 2.Unguentum, i n жақпамай 3.Tabuletta, ae f таблетка 4. Mucilāgo, ĭnis f шырыш 5.Pasta, ae f паста 6.Dragées (тек көпше түрінде, сөздік формасы жоқ) драже 7.Emulsum, i n эмульсия 8.Suppositorĭum, i n • Suppositorĭum rectāle (vaginā́le) • ембалауыз, суппозиторий • суппозиторий ректалды (вагиналды) 9.Pulvis, ĕris m ұнтақ 10.Suspensĭo, ōnis f суспензия 11.Emplastrum, i n пластыр 12.Granŭlum, i n гранула, түйіршік

3. Аударыңыздар:

1. Какао майы. 2.Стрептоцид линименті. 3. Тыныштандыратын жинақ. 4. Сасықшөптің сұйық экстракті. 5. Вазелин майының эмульсиясы. 6. Рауғаш тамырының ұнтағы. 7.Валидол таблеткалары. 8. Камфораның майлы ерітіндісі. 9. Шүйгіншөп тамырының тұрындысы. 10. «Анестезол» суппозиторийлері. 11. «Долгит» гелі. 12. Метилурацил жақпамайы.

II топтың тапсырмасы:

1. Негізгі дәрілік қалыптар түрлерін атаңыздар.

2. Сөздік формасында оқыңыздар:

1.Infūsum, i n тұрынды 2.Balsămum, i n бальзам 3.Pilŭla, ae f пилюля 4.Decoctum, i n қайнатпа 5.Bacillus, i m таяқша 6.Specĭes, ērum f (тек көпше түрінде) жинақ (дәрілік жинақ) 7. Tinctūra, ae f тұнба 8.Capsŭla, ae f капсула 9.Extractum, i n (fluĭdum) экстракт, сығынды (сұйық) 10. Aërosōlum, i n аэрозоль 11. Mixtūra, ae f микстура, қоспа 12. Gelum, i n гель

3.Аударыңыдар:

1. Шүйгіншөп тұнбасы. 2. Ихтиол жақпамайы. 3. Шабдалы майының эмульсиясы 4. Глюкоза ерітіндісі. 5. Жалбыз таблеткалары. 6. Мия тамырының ұнтағы. 7. Бұрыш жалбызының майы. 8.Плантаглюцид гранулары. 9. Жұмыршақ экстракты. 10.«Ундевит» драже сі . 11. Жалбызтікен сиропы. 12.Аморфты цинк-инсулиннің суспензиясы.

6.Пәннің соңғы ОН қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.). нысандары (тестілеу, ситуациялық есептерді шешу, ауру тарихын толтыру және т.б.)ю.

- тестілеу

7. Әдебиет:

Негізгі: 1. А.Н. Қасымбекова. Латын тілі. Қарағанды, «Ақнұр» 2016

2. М.Н. Чернявский .Латинский язык и основы фармацевтической терминологии. М.: ГЭОТАР-Медиа, 2015.

3. Бухарина Т.Л., Новодранова В.Ф., Михина Т.В. Латинский язык: учеб.

пособие-М.:ГЭОТАР – Медиа, 2015.-496 с.
4. Құдайбергенова Ж.П. Латын тілінен жаттығулар жинағы: оқу құралы. –Шымкент: Б., 2012
Қосымша: 1.Қозыбаева А.Қ. Латын тілі: оқу-әдістемелік құрал. – Қарағанды: ЖК «Ақ Нұр», 2012
2. М.А.Ахметов. Медициналық терминдер сөздігі. Орысша- қазақша-ағылшынша. Алматы: Дайк- Пресс, 2009
3. М.Н. Чернявский. Латинский язык и основы медицинской терминологии. М.: Шико, 2007.
4. Латинский язык для лечебных факультетов: учеб. пособие/ М.Н. Нечай.- Ростов н/Д: Феникс, 2007.

8. Бақылау (сұрақтар, тесттер, тапсырмалар және т.б.).:тестілеу

1.Дәрілік қалыптың латын атауында ... бөлігі ажыратылады
A. 6
B. 3
C. 2
D. 9
E. 4

2. «Forma medicamentorum» - бұл
A. қатты форма
B. дәрінің белгіленуі
C. дәрілік қалып
D. қолдану тәсілі
E. араластыру түрі

3. *Ерітінді* латынша:
A. Pulvis, eris m
B. Pasta, ae f
C. Decoctum, i n
D. Solutio, onis f
E. Tinctura, ae f

4. Mucilāgo, ĭnis f :
A. паста
B. май
C. ұнтақ
D. жақпамай
E. шырыш

5. Mixtūra сөздің грамматикалық түрі
A. Genetivus
B. Ablativus
C. Accusativus

D. Nominativus
E. Dativus
6. Specĭes, ērum f:
A. жақпамай
B қайнатпа
C. тұрынды
D. жинақ
E. май
7. Жақпамай латынша:
A. Bacillus, i m
B. Pulvis, ĕris m
C. Granŭlum, i n
D. Gelum, i n
E. Unguentum, i n
8. *Шәйқұрай шөбінің тұрындысы – Infusum herbae … .*
A. Hierochloë, ës f
B. Urtica, ae f
C. Hypericum, i n
D. Hippophaë, ës f
E. Leonurus, i m
9. «Сабур тұнбасы»
A. Tincturae Passiflorae
B. Tinctura Aloës
C. Tincturae Belladonnae
D. Tincturas Arnicae
E. Tincturis Eucommiae
10. Бадам майы:
A. Oleum Olivarum
B. Oleum Persicorum
C. Oleum Amygdalarum
D. Oleum Ricini
E. Oleum Terebinthinae

№9 Тақырып

1. Тақырыбы: Жай сөйлем синтаксисі.

2. Мақсаты: латын сөйлеміндегі сөздер ретімен, esse етістігінің қолданылуымен танысу.

3. Оқыту міндеттері: жай сөйлемді құру, esse етістігінің қолданылу дағдыларын бекіту .

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:
1. Жай сөйлемдегі сөздердің реті.
2. Esse етістігі, оның 3-ші жақтағы жекеше және көпше түрлері.
3. Esse етістігінің сөйлемдердегі қолданылуы.

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізу үшін оқытудың негізгі формалары/әдістері/технологиялары: жұптасып жұмыс істеу

1,2 жұп тапсырмасы:

Сөйлемдерді толықтырыңыздар, аударыңыздар, оқыңыздар:

